

Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

№39 «Достық» бөбекжай-балабақшасы

2021

«Заманауи білім беру технологияларын енгізу негізінде
мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбие-білім беру процесінің
сапасын арттыру» облыстық эксперимент бойынша

№39 «Достық» бөбекжай бақшасында жүргізілген
жұмыстардың

ТАЛДАУ ЕСЕБІ

2021-2022 оқу жылы

Ақтөбе қаласы №39 «Достық» бөбекжай бақшасында 2019-2022 оқу жылына аралығында Ақтөбе обласы білім басқармасының 2019 жылғы 13 қыркүйектегі №284 бұйрығы негізінде эксперименттік алаңда жұмыстар жүргізілді.

Облыстық эксперимент тақырыбы: «Заманшун білім беру технологияларын енгізу негізінде мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбие-білім беру процесінің сапасын арттыру»

Максаты: мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын жаңарту шеңберінде мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту процесін тиімді әдіс-тәсілдер мен технологияларды қолданып ұйымдастыру. Қазіргі білім беру үдерісіндегі 4-к моделін: креативтілік, сын ойлау, командмен жұмыс жасау, коммуникативтік тілдік дағдыларын дамыту.

Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру мазмұнын жаңартудың негізгі мақсаты баланың жас ерекшелігіне сай әлеуетті мүмкіндіктерін барынша дамытуға, функционалдық тұрғыдан сауықты, кез келген өмірлік жағдайларда меңгерген білім, білік, дағдыларын тиімді қолдануға қабілетті бірегей тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

2019-2020 оқу жылында қазақ тілінде оқытылатын «Баддәурен» және орыс тілінде оқытылатын «Қытайдено» мектепалды даярлық топтары облыстық экспериментке қатысушылар болып таңдан алынды. Аталған оқу жылының 1 жартыжылдығында «Ұлы даламыз жеті қыры» тақырыбы негізінде жобалау технологиясын қолдану арқылы балаларға патриоттық тәрбие берілді. Бес білім беру саласы бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтерін жүргізу барысында дәстүрден тыс оқыту әдістері қолданылды. Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі идеяларын басшылыққа ала отырып, эксперименттік топтардың перспективалық жоспарларына өзгерістер енгізіліп, смарт мақсатпен жазылды. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды тиімді жүргізу мақсатында, балалардың әлеуметтік және өз бетінше оқып-үйрену дағдыларын дамытуға бағытталған ойын тапсырмалар қолданылып, аталық интеллектграммада көрсетілді. Бағдарламаның түйінді идеяларын күн тәртібінің барлық бөлігіне енгізіп қолданды. Ұйымдастырылған оқу қызметіне баланың креативтілікті, сын ойлауды дамытуға, коммуникативтік пен команда жұмыс істеу дағдыларын дамыту үшін «4 К» моделін, балалардың қиықеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескеріп, баланың зияткерлік, тұлғалық дамуына оң ықпал ету үшін «Бала үшін», балаларға басқалардың пікірімен санасуды, өз бетінше белгілі бір іс-әрекеттерді жоспарлауды үйрету үшін ойындай ұйымдастырудың үш түрі енгізілді. Баланың білімі мен дағдыларын біліп, оқытудағы келесі қадамдарды анықтап, тиімді дағдыларын жетілдіру мақсатында бірнеше «Таңымды» оқиғалар жазылды. Баланың бойында білімқұмарлық, бастамашылдық, қиықетшілік, әлеуметтік дағдылар мен біліктерін дамыту

үшін пропедевтикалық ата-анамен жұмыс бөлігіне «Тұтас бала» бейнесін енгізілді.

16.10.2019 ж. Ақтөбе облысының білім басқармасынан ұйымдастырумен өткен Республикалық семинарда «Жаңартылған білім беру мазмұнында «Өзін-өзі таныудың» маңыздылығы эксперименттік алаң бойынша балабақшаның әдіскері Г.Б.Үзәкбай қатысты.

31.01.2020 ж. «Балдәурен» мектепалды даярлық тобында Қатынас білім беру саласы бойынша «Үй жануарлары танырыбы бойынша ашық ұйымдастырылған оқу қызметі өткізілді. Оқу қызметі барысында педагог 4 к моделіндегі дағдыларды қызықтырауға бағытталған ойын танырмаларын қолданды.

19.02.2020 ж. «Қызғалдақ» мектепалды даярлық тобында «Таным» білім беру саласы бойынша «Волшебная страна геометрических фигур» тақырыбында педагогтарға арналған ашық ұйымдастырылған оқу қызметі өткізілді.

Қыркүйек айында «Мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиелеу мазмұнын жаңартуда тиімді әдіс-тәсілдер мен технологияларды қолдану» тақырыбы бойынша балабақша әдіскері Г.Б.Үзәкбай педагогтарға кеңес берді. «Сенсорное развитие детей третьего года жизни по методике Марии Монтессори», «Дәстүрден тыс әдістерді ұйымдастырылған оқу қызметінде қолдану», «Мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту процесінде 4 к моделін тиімді қолдану» тақырыбы бойынша экспериментке қатысушы педагогтар және мамандарға кеңес берді.

Қазан айында педагог қызметкерлермен семинар-практикум өткізілді, облыстық экспериментке қатысушы педагогтар А.С.Қабулова, Н.П.Сариева, Ж.Қ.Машабаева өз тәжірибелерімен бөлісті.

Қаңтар айында облыстық эксперимент аясында педагогтарға арналған балабақша ішкі семинар-практикум өткізілді.

Ақпан айында педагогикалық кеңесте педагогтар Балалардың физикалық дамуында дәстүрден тыс сауықтыру технологиясын және спорт түрлерінің жолдарын қолдану бойынша слайд презентация көрсетін тәжірибе алмасты.

Сонымен қатар облыстық эксперимент аясында жаңа иновацияларды қолданып, ұлттық құндылықтарды бағалап, отанышылдыққа тәрбиелеу мақсатында «Ұлы даланың кереметтері», «Асығым ұлттық қызым» ашықтанған бағдарламалары құрастырылып, жұмыстар жүргізілді.

2019 жылдың қыркүйек-желтоқсан айлары аралығында ата-аналармен «Ұлы даланың жеті қыры» тақырыбы аясында жобалар ұйымдастырылып, көрме өткізілді.

2020-2021 оқу жылдарында «Заманауи білім беру технологияларын енгізу негізінде мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбие-білім беру процесінің сапасын арттыру» облыстық эксперименті бағытында жұмыс жалғасын тапты. Облыстық эксперимент «Қызғалдақ», «Бұлас», «Бәйтерек» мектепалды даярлық топтарында жүргізілуде. Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша біліктілікті арттыру курсының 7 педагог өтті соңғы екі

жылы. (Ұзақбай Г.Б., Кабулова А.С., Мандыбаева Ж.Қ., Сариева Н.П., Зулжакова Я.А., Наматбаева Г.А., Айыбаева А.Қ.) Аталған оқу жылында балалармен «Театр түрлері арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың креативтілік, командада жұмыс жасау, сыни ойлау, коммуникативтілік тілсөз дағдыларына дамыту» бағытында жарқынды жұмыстар жүргізіліп. Топтарда заттық дамытушы орта ұйымдастырылды. Театрдың бірнеше түрі жасакталды. Әр топта балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кітап бұрышында ертегілер жинағы жасакталды. Балалардың бос уақытын ұйымдастыруда театр түрлері кеңінен қолданылды.

Қараша айында «Қызғалдақ» мектепалды даярлық тәтті тоқаш әзірлеуде шеберлік сыныбын көрсетті. Іс шара нәтижесінде бала үні ескеріліп, 4 к моделіндегі дағдылардың қалыптасуына ықпал етті.

16.07.2021 ж. «Бәйтерек» «Қызғалдақ» «Балдурен» мектепалды даярлық топтарында «Ертегілер әлемінде» тақырыбында музыкалық ертегілер күйілімі көрсетілді.

20.08.2020 ж. Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығының ұйымдастыруымен өткен «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын іске асырудағы жаңа тәсілдер» тақырыбына «Мектепке дейінгі ұйымда оқыту және тәрбиелеу процесінде 4 к моделін тиімді қолдану» тақырыбы бойынша балабақша әдіскері қатысып тәжірибе алмасты. Мектеп жасына дейінгі бала бойында ақалеминшік дағдылармен катар негізгі дағдыларды да қалыптастыру қажет: сыни ойлау, мәселелерді шешу, сындарлы диалогті жүргізу, командада жұмыс істеу, яғни келіргі қоғамда табысқа жету үшін қажетті дағдылар болып табылады.

2021 жылы Облыстық тақырыбына кеңесі аясында Педагогикалық шеберлік орталығының Ақтөбе қаласындағы филиалы мен Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы бірлесе ұйымдастырылған семинарға «Тиімді жоспарлау арқылы оқытумен оқу тәжірибесін жақсарту» тақырыбымен балабақша әдіскері Г.Б.Ұзақбай қатысып, облыстық эксперимент бойынша тәжірибесімен бөлісті. Ағыс хатпен мадақталды.

2020 жылы Мектеп жасына дейінгі балаларды зияткерлік, әлеуметтік және тұлғалық дамытуда тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану бойынша мектепке дейінгі ұйым педагогтардың білімдерін кеңейту мақсатында «Жандартылған білім беру мазмұнының ерекшеліктері» әдістемелік құралы Облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығында басылымға шықты.

19.04.2021 жылы Мектепке дейінгі ұйым дене шынықтыру нұсқаушыларына арналған қызық әдістемелік онлайн семинарына Телгаринов А.Б «Балалардың денсаулығын нығайтуда шынықтырудың дәстүрлі тас тәсілдерін қолдану» тақырыбымен қатысты.

2021 ж. 16 сәуір күні «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуда жандартылған білім беру мазмұны» мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілеріне

және музыка жетекшілеріне арналған қалалық әдістемелік кабинеттің ұйымдастыруымен өтетін онлайн семинар-практикумға әдіскер Ұзақбай Г.Б., музыка жетекшісі Дәуеза А.З., тәрбиеші Кабулова А.С қатысты.

2021-2022 оқу жылдарында «Заманауи білім беру технологияларын енгізу негізінде мектепке дейінгі ұйымдардан тәрбие-білім беру процесінің сипасын арттыру» облыстық эксперименті бағытында жұмыс жалғасып, қорытындалды.

Балалар тобындағы қарым-қатынасты зерттеуге арналған еңбектер белгілі бір әрекеттестік үлгілері – зерттеушілік әңгіме, дәлелдеме және диалог – педагогтар мен балаларды мағына мен беймді игеруде бірлескен іс-әрекетке тартуымен қатар, жоғары деңгейде ойлау қабілетін арттырып, логикалық қырларының дамуына ықпалын тиізетінін көрсетті. Сонымен қатар мектеп жасына дейінгі балалардың тапымдық белсенділігі мен қоршаған ортаны танып білу дағдыларын тәжірибелік-эксперименттік және жобалау-зерттеу қыметтері жүзеге асырылды.

Облыстық эксперимент бойынша жүргізілгені жұмыстардың жоспарына сәйкес қызыл айында «Мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту процесіне

4 к моделіндегі дағдыларды қалыптастыру жолдары» балабақша ішлік семинар жүргізілді.

Қараша айында «Мектепке дейінгі жастағы балаларды оқытуда 4 к моделін дамыту мүмкіндіктері» А.С.Кабулова тақырыбында жас мамандарға кеңес берді. Эксперимент өткен үш жылда жинақталған дидактикалық материалшымен бөлісті.

Қараша-желтоқсан айлары аралығында эксперименттік топтарда балалармен жеке тапымдық қабілеттерін дамытуға бағытталған жұмыстар жүргізіліп, тәрбиешілер А.С.Кабулова Мақсұбаева Ж.Қ Сариева Н.П Зулжарқова Л.А Тапымдық оқиғалар жазды.

Қаңтар айында педагогикалық сағат өткізіліп балаларды оқытудың бір формасы ретінде «Тапымдық оқиға» тиімді қолдану бойынша презентация жасалып, педагогтар арасында талқыланды.

Желтоқсан айында «Үй жағдайында зияттық дамытушы ортаны қалыптастыру» бойынша эксперименттік топ тәрбиешілері ата-аналарға кеңес берді.

Мамыр айында топтарда ынық қаралымдар ұйымдастырылды. Тақырыптық тексеру ұйымдастырылып эксперименттік «Жүзбулік» «Ақбөгі» ортаңғы тобы, «Асылтас», «Бұдиқ» ересек топтары, «Бәйтерек» мектепалды даярлық тобында зерделеу жұмыстары жүргізілді. Балабақша ішлік семинар өткізіліп Облыстық эксперимент жұмысы қорытындыланды.

Заман талабына лайық тәрбие білім беру жұмысын кешенді ұйымдастыру жаңа технологияларды, идеялар мен шығармашылық, инновациялық жаңашылдықты қажет етеді. Жас ұрпақтың бойындағы жақсы

қасиеттер мен мүмкіндіктерді ашып, олардың өнугеді, тәрбиелі болып өсуіне балабақша отағының тигізер әсерінің маңызы зор.

Білім беру ұйымы: №39 «Достық» бөбекжай-балабақшасы

Эксперимент атауы: «Заманауи білім беру технологияларын енгізу негізінде мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбие-білім беру процесінің сапасын арттыру» облыстық эксперимент

Эксперименттік кезең: 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдары.

Экспериментке қатысушы топтар: «Жүзшуақ» «Ақбота» ортаңғы тобы, «Асылтас», «Бұлақ» ересек тобы, «Бөйтерек» мектепалды даярлық тобын

Эксперименттік топ жетекшісі: Урқымбаева Ақшаным Жақымына, меңгеруші,

Мүшелері: Ұзақбай Гүлсайрат Борштайқысына, әдіскер

Кабулова Асия Сағындықовна, тәрбиеші

Зулякова Ләззат Аманжоловна, тәрбиеші

Сариева Надежда Петровна, тәрбиеші

Миндыбаева Жансая Қуанышқалиқысына, тәрбиеші

Айтбаева Айгерім Қуандыққызы, тәрбиеші

Намазбаева Гүлмарал Алматықызы, тәрбиеші

№39 «Достық» бөбекжай-балабақша меңгерушісі: Урқымбаева А.Ж

